

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 293 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 198 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы Хаттаманың 5-тармағына (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа № 9 қосымша) және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 2 қосымшаның 9-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы комиссия ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің және оларды ресімдеу қағидаларының талаптарына сәйкестік сертификаты мен сәйкестік туралы декларацияның бірыңғай нысандары туралы" 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 293 шешіміне қосымшада сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Мыналар:

осы Шешім күшіне енгенге дейін берілген және тіркелген Еуразиялық экономикалық одақтың (Кеден одағының) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы декларациялар олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды деп;

сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды қағаз жеткізгіште ресімдеу міндетті болып табылады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім өзгерістердің (осы Шешімге қосымша) 2-тармағын, 3-тармағының екінші – бесінші абзацтарын, 4-тармағының "а" және "б" тармақшаларын, "в" тармақшасының төртінші – он бірінші абзацтарын, 5-тармағының "а" және "б" тармақшаларын, "в" тармақшасының алтыншы – он бесінші абзацтарын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Өзгерістердің (осы Шешімге қосымша) 2-тармағы, 3-тармағының екінші абзацы, 4-тармағының "а" тармақшасы және 5-тармағының "а" тармақшасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 31 наурызда қол қойылған хаттама күшіне енген күннен бастап, бірақ оларды іске асыру үшін қажетті "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесінің жаңа нұсқасы берілген

сәйкестік сертификаттарының және сәйкестік туралы тіркелген декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлігінде қолданысқа енгізілген күннен өртө мөдбінде күшіне енеді.

Өзгерістердің (осы Шешімге қосымша) 3-тармағының үшінші – бесінші абзацтары, "б" тармақшасы және 4-тармағы "в" тармақшасының төртінші – он бірінші абзацтары, 5 -тармағының "б" тармақшасы және "в" тармақшасының алтыншы – он бесінші абзацтары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібіне өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

M. Мясникович

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2022 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 198 шешіміне  
ҚОСЫМША

### **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 293 шешіміне енгізілетін өзгерістер**

1. Кіріспедегі "5-тармағының сегізінші абзацына" деген сөздер "5-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын.
2. 1-тармақтың екінші және үшінші абзацтары "қағидаларының" деген сөзден кейін "қағаз жеткізгіштегі" деген сөздермен толықтырылсын.
3. Мынадай мазмұндағы 3<sup>1</sup> – 3<sup>4</sup>-тармақтармен толықтырылсын:

"3<sup>1</sup>. Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміндегі Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестік сертификаты (бұдан әрі – сертификат) немесе Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестік туралы декларация (бұдан әрі – декларация) туралы электрондық жазба (бұдан әрі – электрондық жазба) сәйкестікті бағалау туралы құжаттың электрондық түрі болып табылады деп белгіленсін.

3<sup>2</sup>. Сертификатты немесе декларацияны ауыстыру осы Шешімнің 33-тармағы ескеріле отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 44 шешімімен бекітілген сәйкестікті бағалаудың үлгілік схемаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3<sup>3</sup>. Сертификат немесе декларация ауыстырылған жағдайда сертификаттың немесе декларацияның орнына ресімделетін сертификат немесе декларация туралы

электрондық жазбада "орнына берілді" (сертификат үшін) немесе "орнына қабылданды" (декларация үшін) деген жазба жасалады, сондай-ақ ауыстыруға жататын сертификаттың немесе декларацияның тіркеу нөмірі мен тіркелген күні көрсетіледі.

3<sup>4</sup>. Сертификат немесе декларация және оларға қосымшалар ауыстырылған жағдайда Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өнімнің айналымы осындай ауыстыруға қажетті уақытқа тоқтатыла тұрмайды".

4. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестік сертификатының бірыңғай нысанында және оны ресімдеу қағидаларында тиісінше:

а) атауы "сертификатының" деген сөзден кейін "қағаз жеткізгіштегі" деген сөздермен толықтырылсын; атауы "сертификатын" деген сөзден кейін "қағаз жеткізгіште" деген сөздермен толықтырылсын;

б) I бөлім мынадай мазмұндағы 16-жолақпен толықтырылсын:

"QR-код (16)";

в) II бөлімде:

2 тармақтың күші жойылды деп танылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "мүше мемлекеттерде" деген сөздер "Одаққа мүше мемлекеттерде (бұдан әрі – мүше мемлекеттер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың үшінші абзацындағы "және өнімнің белгіленімі (түрі, маркасы, моделі, артикулы және т. б.) латын әліпбійнің әріптерін пайдалана отырып көрсетілуі мүмкін" деген сөздер "өнімнің белгіленімі (түрі, маркасы, моделі, артикулы және т. б.) және тауарға ілеспе құжаттама латын әліпбійнің әріптері, оның ішінде латын әліпбійнің модификацияландырылған әріптері (диакритикалық белгілер қосылған латын әліпбійнің әріптері) пайдаланыла отырып көрсетілуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"з" тармақшасының бесінші абзацындағы "атауы және белгіленімі" деген сөздер "белгіленімі және атауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"л" және "м" тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"л) 11-жолақта – сынақ зертханасының (орталығының) нөмірін, күнін, атауын, аккредиттеу атtestатының тіркеу нөмірін (аккредиттеу туралы жазбаның бірегей нөмірін) көрсете отырып, өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар (зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер хаттамалары (сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда)) туралы мәліметтер, нөмірін, күнін, сертификаттау жөніндегі органның атауын, аккредиттеу атtestатының тіркеу нөмірін (аккредиттеу туралы жазбаның бірегей нөмірін), сондай-ақ оған қол қойған сарапшының (сарапшы-аудитордың) тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, өндірістің жай-күйін талдау актісі туралы

мәліметтер (сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда), сертификат нөмірін, күнін, оны берген менеджмент жүйелерін сертификаттау жөніндегі органның атауын, аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін (аккредиттеу туралы жазбаның бірегей нөмірін) көрсете отырып, менеджмент жүйесінің сертификаты туралы мәліметтер (сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда), өнім жобасын зерттеу туралы қорытынды нөмірін, күнін, оны берген ұйымның атауын, аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін көрсете отырып, өнім жобасын зерттеу туралы қорытынды туралы мәліметтер(сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда), өнім түрін зерттеу туралы қорытынды нөмірін, күнін, оны берген ұйымның атауын, аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін (аккредиттеу туралы жазбаның бірегей нөмірін) көрсете отырып, өнім түрін зерттеу туралы қорытынды туралы мәліметтер (сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда), өтініш беруші өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін дәлелдеу ретінде ұсынған басқа құжаттар туралы (болған жағдайда), сондай-ақ қолданылған сертификаттау схемасы туралы мәліметтер;

м) 12-жолақта – халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар тізбесіне енгізілген стандарттың (стандарттардың), ал олар болмаған жағдайда – қолдану нәтижесінде техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарының сақталуы ерікті негізде қамтамасыз етілетін ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың белгіленімі және атауы немесе бөлімдердің (тармақтардың, тармақшалардың) белгіленімі, егер техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарының сақталуы жалпы стандартты (стандарттарды) қолданумен емес, осындай стандарттың (стандарттардың) жекелеген бөлімдерін (тармақтарды, тармақшаларды) қолданумен (олар қолданылған жағдайда) қамтамасыз етілуі мүмкін болса, осындай стандарттың (стандарттардың) белгіленімі мен атауы, өзге стандарттар мен құжаттардың белгіленімі мен атаулары (олар қолданылған жағдайда), сақтау шарттары мен мерзімдері (техникалық регламенттерде көзделген жағдайларда), өнімнің қызмет ету мерзімі (жарамдылығы) және (немесе) ресурсы (техникалық регламенттерде көзделген жағдайларда) туралы мәліметтер, "орнына берілді" деген жазба енгізу арқылы (сертификат ауыстырылған жағдайда) ауыстыруға жататын сертификаттың тіркеу нөмірі мен тіркелген күні, сондай-ақ өнімнің осындай ұлгілерін (сынамаларын) дайындау күні туралы мәліметтерді (бар болса) көрсете отырып, зерттеулерден (сынақтардан) және өлшеулерден өткен өнімнің іріктелген ұлгілері (сынамалары) дайындалған күннен бастап дайындалған сериялық шығарылатын өнімге сертификаттың қолданылуы туралы ақпарат, Одақтың кедендей аумағына жеткізілетін өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді және осындай өнімнің көрсетілген талаптарға сәйкестігі

үшін жауаптылықты (дайындаушылар уәкілеттік берген тұлғалар үшін) көздейтін, дайындаушымен (оның ішінде шетелдік дайындаушымен) жасалған шарт туралы мәліметтер және өзге де ақпарат (бар болса);";

мынадай мазмұндағы "р" тармақшамен толықтырылсын:

"р) 16-жолақта – берілген сәйкестік сертификаттары мен тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың ұлттық бөлігінде сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы электрондық жазбаға жылдам өтуге арналған оптикалық оқылатын матрицалық код (QR-код) (егер көрсетілген бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде QR-кодты қалыптастыру көзделген жағдайда).".

5. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі туралы декларацияның бірыңғай нысанында және оны ресімдеу қағидаларында тиісінше:

а) атауы "декларацияның" деген сөзден кейін "қағаз жеткізгіштегі" деген сөздермен толықтырылсын; атауы "декларацияны" деген сөзден кейін "қағаз жеткізгіште" деген сөздермен толықтырылсын;

б) I бөлім мынадай мазмұндағы 13-жолақпен толықтырылсын:

"QR-код (13)";

в) II бөлімде:

1-тармақтың күші жойылды деп танылсын;

2-тармақтағы "Одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестік туралы декларация (бұдан әрі – декларация)" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестік туралы декларация (бұдан әрі тиісінше – Одақ, декларация)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "мүше мемлекеттің заңнамасында" деген сөздер "Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "және өнімнің белгіленімі (түрі, маркасы, моделі, артикулы және т. б.) латын әліпбійнің әріптерін пайдалана отырып көрсетілуі мүмкін" деген сөздер "өнімнің белгіленімі (түрі, маркасы, моделі, артикулы және т. б.) және тауарға ілеспе құжаттама латын әліпбійнің әріптері, оның ішінде латын әліпбійнің модификацияландырылған әріптері (диакритикалық белгілер қосылған латын әліпбійнің әріптері) пайдаланыла отырып көрсетілуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын

5-тармақта:

"д" тармақшасының алтыншы абзацындағы "атауы және белгіленімі" деген сөздер "белгіленімі және атауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ж" тармақшасында:

"аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін (бар болса)" деген сөздер "аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін (аккредиттеу туралы жазбаның бірегей нөмірін) (бар болса)" деген сөздермен ауыстырылсын, "аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін" деген сөздер "аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін (аккредиттеу туралы жазбаның бірегей нөмірі)" деген сөздермен ауыстырылсын, "туралы, басқа құжаттар туралы мәліметтер" деген сөздер "туралы мәліметтер, басқа құжаттар туралы мәліметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін дәлелдеу" деген сөздерден кейін "(бар болса)" деген сөздермен толықтырылсын;

"з" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"з) 8-жолақта – халықаралық және өнірлік (мемлекетаралық) стандарттар тізбесіне енгізілген стандарттың (стандарттардың), ал олар болмаған жағдайда – қолдану нәтижесінде техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарының сақталуы ерікті негізде қамтамасыз етілетін ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың белгіленімі және атауы немесе бөлімдердің (тармақтардың, тармақшалардың) белгіленімі, егер техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарының сақталуы жалпы стандартты (стандарттарды) қолданумен емес, осындай стандарттың (стандарттардың) жекелеген бөлімдерін (тармақтарды, тармақшаларды) қолданумен (олар қолданылған жағдайда) қамтамасыз етілуі мүмкін болса, осындай стандарттың (стандарттардың) белгіленімі мен атауы, өзге стандарттар мен құжаттардың белгіленімі мен атаулары (олар қолданылған жағдайда), сақтау шарттары мен мерзімдері (техникалық регламенттерде көзделген жағдайларда), өнімнің қызмет ету мерзімі (жарамдылығы) және (немесе) ресурсы (техникалық регламенттерде көзделген жағдайларда) туралы мәліметтер, "орнына берілді" деген жазба енгізу арқылы (декларация ауыстырылған жағдайда) ауыстыруға жататын декларацияның тіркеу нөмірі мен тіркелген күні, сондай-ақ өнімнің осындай үлгілерін (сынамаларын) дайындау күні туралы мәліметтерді (бар болса) көрсете отырып, зерттеулерден (сынақтардан) және өлшеулерден өткен өнімнің ірітелген үлгілері (сынамалары) дайындалған күннен бастап дайындалған сериялық шығарылатын өнімге декларацияның қолданылуы туралы ақпарат, Одақтың кедендей аумағына жеткізілетін өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді және осындай өнімнің көрсетілген талаптарға сәйкестігі үшін жауаптылықты (дайындаушылар уәкілеттік берген тұлғалар үшін) көздейтін, дайындаушымен (оның ішінде шетелдік дайындаушымен) жасалған шарт туралы мәліметтер және өзге де ақпарат (бар болса);";

мынадай мазмұндағы "н" тармақшамен толықтырылсын:

"н) 13-жолақта – берілген сәйкестік сертификаттари мен тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың ұлттық бөлігінде сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы

электрондық жазбаға жылдам өтуге арналған оптикалық оқылатын матрицалық код (QR-код) (егер көрсетілген бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде QR-кодты қалыптастыру көзделген жағдайда)".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК